

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің түлегіне пікір

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің физика-техникалық факультетінің түлегі Кеңес Айгерім Абайқызы Қарағанды қаласы «Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжі» КММ мектебінің физика пәні мұғалімі. Жас маман, еңбек жолын 2024 жылы осы мектепте бастады. Айгерім өзінің педагогикалық қызметін жоғары жауапкершілікпен, ынтамен және үлкен құштарлықпен атқарады. Оқушылармен жақсы қарым-қатынас орнатуға ерекше мән береді. Оқушылармен жылы, сенімді байланыс орнатуы олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның білім деңгейін көтеру үшін әр түрлі тәсілдер қолданады. Сабақ барысында оқушылардың өз пікірін білдіруіне, белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Әріптестерімен және мектеп әкімшілігімен жақсы қарым-қатынаста, коллективке тез бейімделіп, жұмыс процесіне белсене қатысады. Ол өз міндеттерін уақытында орындап, жауапкершілікпен қарауға тырысады. Мектептегі іс-шараларға да белсенді қатысып, оқушыларды түрлі байқауларға дайындайды. Айгерім Абайқызы – болашағынан үміт күттіретін, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын жас мұғалім. Оның білім беру ісіндегі жаңашылдыққа бейімдігі мен оқушылармен жұмысындағы шеберлігі алдағы уақытта үлкен жетістіктерге жетелейтініне сеніміміз мол.

Директордың ОІ орынбасары



С.Ағдарбек